



«ТІРІ ТАУАР» БИЗНЕСІ ҚЫЗЫП ТҮР

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ҚАЛАНЫҢ КІТАПХАНАЛАРЫ

8-БЕТ | ЕЛОРДА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Тарифті өсіруден түскен қосымша қаржы тек қана коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға жұмсалуды керек. Сондай-ақ жаңа қуат көздерін іске қосуға және жұмысшылардың жалақысын көтеруге бағытталуы қажет. Монополистердің міндеттері мұқият нақтыланып, толығымен орындалуға тиіс. Сондықтан Үкіметке қаржының жұмсалуды бақылайтын қатаң амал-тәсілдер енгізуді тапсырамын. Оған цифрлық бақылау жүйесін де енгізу керек. Жұрт коммуналдық қызмет үшін төлеген ақшасы қайда кетіп жатқанын көріп отыруға тиіс. Қазіргі заманғы ақпараттық технология бұған толық мүмкіндік береді.

№89 (4522) Сенбі 29 шілде 2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астана тұрғындары елорданың келбеті көрікті ғана емес, адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы әрі жайлы болғанын қалайды. Елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте айтылған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаланы тұрғындары үшін жаңа тартымды мекенге айналдыру жөніндегі тапсырмасы аясында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы ретте қалалық Урбанистика орталығы тиімді жобаларды жүзеге асырып келеді.

3



ЕЛОРДА БОЛАШАҚТА ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

ЖАҢА ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ

Астанада тағы бір Оқушылар сарайы ашылады. Есіл ауданы аумағында пайдалануға берілетін 5 қабатты ғимарат ішінде 50 бағыт бойынша 50 түрлі үйірме жұмыс істейтін болады.



3

«БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ» АШЫЛАДЫ

Астана қаласының мемлекеттік мектептері биыл мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1-сынып оқушылары үшін 2023 жылдың 1-25 тамыз аралығында «Балақайлар мектебі» қысқа мерзімді даярлық курстарын өткізеді.

Білім басқармасының Әдістемелік орталығы ұйымдастыратын ұлттық құндылықтарға негізделген «Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді курстарын өткізу бойынша әдістемелік қолдау көрсетті.

«Балақайлар мектебінде» оқушыларға мектептің күн тәртібі, оқудың алғышарттары түсіндіріліп, басқа да іс-шаралар жүргізіледі. Балаларын даярлық курсына берем деушілер мектептің әкімшілігіне өтініш бере алады.



Тамыз айында елорданың 2035 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарының қарқынды даму үрдісіне байланысты оңтайлы өзгерістер болатынын мәлім етті. «Жаңа бас жоспар урбанизация, белсенді көші-қонға, құрылыс қарқынының ұлғаюына және өзге себептерге байланысты әзірленіп жатыр. Мемлекеттік органдармен биыл күзде келісілетін болады. Тамыз-қыркүйек айларында қоғамдық тыңдаулар өткіземіз» деді Астана әкімі.

АВТОБУСҚА АЛДЫҒЫ ЕСІКТЕН КІРЕСІЗ!

Астанадағы қоғамдық көліктерде жолаушыларды отырғызу мен түсіру тәртібі өзгерді. Енді жолаушылар автобусқа алдыңғы есіктен кіріп, бірден жолақысын өтейтін болады.

Жолаушылар енді автобусқа тек жүргізуші жақтағы алдыңғы есіктен кіретін болады. Ал шығарда ортаңғы немесе соңғы есіктер пайдаланылады. Ортаңғы есіктен тек мүмкіндігі шектеулі жандар, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі баланы ерткен жолаушылар ғана кіре алады.

«Астанада жолаушыларды және жүкті автомобиль көлі-

гімен тасымалдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 қарашадағы №1061 қаулысына сәйкес, екі немесе одан да көп есігі бар автобустарда жолаушыларды түсіру алдыңғы есіктен басқа барлық есіктер арқылы, ал отырғызу тек алдыңғы есік арқылы жүргізілетінін естеріңізге саламыз» делінген СТС компаниясының ақпаратында.



Тікелей эфирде қала мен оның тұрғындарына қатысты маңызды сұрақтарға жауап берген Жеңіс Қасымбек бас қаланың қарқынды даму үрдісіне байланысты оңтайлы өзгерістер болатынын мәлім етті.

«Жаңа бас жоспар урбанизация, белсенді көші-қонға, құрылыс қарқынының ұлғаюына және өзге себептерге байланысты әзірленіп жатыр. Мемлекеттік органдармен биыл күзде келісілетін болады. Тамыз-қыркүйек айларында қоғамдық тыңдаулар өткіземіз» деді Астана әкімі.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 495.37 \$ USD/KZT 444.72 ₸ RUB/KZT 4.95 ¥ CNY/KZT 62.23

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЗАҢСЫЗ АҚША ШЫҒАРУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Президентке өзара бағалаудың ФАТФ (ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу топтары) стандарттарына сай сәтті өткені жөнінде мәлімет берілді.

Қазақстан қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың мейлінше тиімді жүйесін көрсетті. Бұл отандық бизнестің трансшекаралық қаржы операциялар бақылауына оңай өтуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғасып келеді. Қазақстан ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі Азия-Тынық мұхиты тобында бақылаушы мәртебесіне ие болды. Бұл осы аймақтағы елдермен қарым-қатынастың тиімділігін арттырады.

Жуырда Үкімет Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекітті. Құжатта сауда, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы,

жылжымайтын мүлік және көлік салаларындағы көлеңкелі операциялардың деңгейін төмендету шаралары қамтылған.

Жанат Элимановтың айтуынша, Агенттік қызметінің нәтижесінде жыл басынан бері 94 миллиард теңге шығын өтеліп, активтер қайтарылды, 5 қылмыстық топ жойылды (тағы 3 іс жүргізіліп жатыр). Бюджет қаржысын жымқыру фактілері бойынша отын-энергетика кешенінде, коммуналдық қызмет көрсету және газ саласында бірқатар іс тергеліп жатыр.

Азаматтардың денсаулығын қорғау мақсатында суррогат алкоголь өндіретін 12 цехтың қызметі тоқтатылды, елімізге құны 5,3 миллиард теңге болатын электронды темекі әкелуге жол берілмеді. Заңсыз ойын бизнесіне қарсы іс-әрекеттер нәтижесінде

11 жасырын казино және 2 букмекерлік кеңсе таратылды.

Азаматтарды алаяқтық іске тартуға жол бермеу үшін 22 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылды, салымшыларға келтірілген 1,9 миллиард теңге шығын өтелді, қаржы пирамидаларын жарнамалайтын 5,3 мыңнан астам сайт пен аккаунт бұғатталды. Сонымен қатар Агенттіктің атсалысуымен 14 облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің 14 түрі бойынша баға арзандады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бизнесті қорғауға, сондай-ақ шетелге заңсыз қаражат шығарудың және ұлттық жобаларға бөлінетін бюджет қаржысын жымқырудың жолын кесуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.

МАРОККО КОРОЛІНЕ ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Марокко Короліне құттықтау жеделхатын жолдады. Президент Король

VI Мұхаммедті Марокко Корольдігінің ұлттық мейрамы – Таққа отырған күнімен құттықтады. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ма-

рокко арасындағы сенімді қарым-қатынастың одан әрі жандана беретініне сенім білдіріп, VI Мұхаммедтің қызметіне табыс тіледі.

ИНВАТАКСИ САНЫ КӨБЕЙДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек ерекше қажеттілігі бар жандармен және оларға қызмет ететін қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен кездесті. Жиында ерекше қажеттілігі бар жандарға қатысты мәселе ашық талқыланды. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Ерекше қажеттілігі бар жандармен және қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен тұрақты кездесіп тұрамын. Біз ерекше қажеттілігі бар адамдарға қолайлы жағдай жасау үшін бірлесіп жұмыс істейміз. Инватакси қызметін ұсынушылармен кездестім. Мәселен, биыл инватакси саны екі еседей артты. Яғни 50 машинадан 113-ке дейін ұлғайды. Осы мақсатта инватакси қызметін сатып алу үшін биыл 875 млн теңге бөлінді. Бірақ мұның өзі де қаланың қажеттіліктерін толығымен қамти алмайды. Негізгі проблема – мүгедектер арбасына таңылған жандар үшін инватакси ретінде пайдалануға болатын мамандандырылған көлік құралдарының болмауы. Жауапты басқармаға



осы мәселені қазақстандық автоөндірушілермен бірлесе қарастыруды тапсырдым.

Инватакси санын көбейту жұмысын әрі қарай жалғастырамыз» деді әкім.

АПАТТЫ ҮЙЛЕР БҰЗЫЛАДЫ

2027 жылдың соңына дейін Астанадағы 75 апатты және тозығы жеткен үйлер бұзылып, оның тұрғындары жаңа үйлерге көшіріледі. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы, Amanat партиясы Саяси кеңесінің мүшесі Ерлан Каналимов мәлім етті.

Amanat партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі жол картасында қарастырылғандай, 2027 жылдың соңына дейін бас қаладағы 75 апатты және тозығы жеткен үйдің тұрғындарын көшіру жоспарланған. Биыл – 18 үй, 2024 жылы – 20 үй; 2025 жылы – 5 үй; 2026 жылы – 19

үй және 2027 жылы 13 үй бұзылып, оның тұрғындары жаңа қонысқа көшіріледі» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Оның айтуынша, күрделі жөндеуді талап ететін тұрғын үй қорын жаңғырту шеңберінде 2027 жылдың соңына дейін елорданың 100 тұрғын үй кешенінде 150 лифт

ауыстырылып, жөнделеді. «Бұдан басқа, өңірлік даму жөніндегі кеңесте тоқсан сайын дайындалған жер учаскелерін бөлу және инженерлік желілерді, жылу, су, газ және электрмен жабдықтауды қамтитын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу мәселелері қаралады» деді мәслихат төрағасы.

ҒАЛЫМДАРҒА ҮСТЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ғылыми ұйым қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 18 пайызға артты. 2024 жылғы 1 қаңтарынан тағы 18 пайызға, ал 2025 жылғы 1 қаңтарынан 17 пайызға көбейеді.

Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлімдеді. Министрдің айтуынша, «Қазақстан Республикасының ғылым мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында көзделген норма аясында ғылыми атағы бар ғылыми

қызметкерлерге үстемақы мөлшерін арттыру көзделген.

Биылдан бастап ғылыми атағы болған жағдайда мынадай мөлшерде үстемақы белгілеу көзделіп отыр:

Ғылым кандидаты, философия докторы және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар қауымдастырылған профессор үшін 25 еселенген

АЕК (бұрын 17 АЕК);

Ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар қауымдастырылған профессор үшін 42 еселенген АЕК (бұрын 34 АЕК);

Ғылым кандидаты, философия докторы, бейіні бойынша доктор, ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар профессор үшін 50 еселенген АЕК (бұрын 17 АЕК).

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА БАСТАЛДЫ

Елімізде мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге арналған шағын үйлерді ашу жөніндегі пилоттық жоба басталды, деп хабарлады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Бұл жоба ҚР Әлеуметтік кодексіне іске асыру аясында өңірлердегі жеке секторларды тарта отырып жүзеге асырылады. Мүгедектігі бар балаларға арналған алғашқы сыйымдылығы шағын үй жақында Қарағандыда ашылды. Мұнда күндізгі стационар

жағдайында психоневрологиялық патологиясы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Арнайы шағын үйлерде қызмет алушылар санының аздығына байланысты дамуында кемістігі бар балаларды абилита-

циялау сапалы форматта жүргізілетін болады.

Пилоттық жобаны іске асыру аясында биыл Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және Ақмола, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстарында мүгедектігі бар балаларға арналған шағын арнайы үйлер ашылады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Әлемнің тең жартысы аптап ыстыққа бейімделуге мәжбүр.

Биылғы жаз Еуропа, Азия мен Солтүстік Америкада ерекше болып тұр. Кейбір өңірлерде ауа температурасы 50 градустан асты. Мұндай температура бұрын-соңды тіркелмеген. Соңғы 8 жылдағы зерттеулер нәтижесі бойынша аптап ыстық жылдан жылға күшейіп барады. Былтыр жазда Еуропада температураның қалыпты деңгейден жоғарылауы салдарынан 60 мыңнан аса адам қайтыс болды.



Нигер мемлекетіне саяси төңкеріс қаупі төнді.

Африка елдерінде жағдай тұрақсыз. Кикілжің әскери күштер мен президент жақтастары арасында туындады. Жергілікті армия Ниамее қаласында мемлекет басшысы Мохамед Базумды қамауға алып, оның одақтастарына ультиматум қойған. Әскери күштер Базумның резиденциясын басып алып, жолдарды жауып тастаған. Әзірге саяси жағдайдың соңы қалай аяқталары белгісіз.



Чилиде мұғалімдер ереуілдетіп жатыр.

Оқытушылар ел астанасы Сантьяго көшелеріне шығып, жолдарды жауып, көлік қозғалысына кедергі келтірді. Ұстаздар жұмыс жағдайын жақсартып, айлықты көтеруді талап етуде. Сондай-ақ олар 2020 жылы пандемия кезінен бері қызметкерлердің зейнетақы қорына аударылмай келген ақшаны қайтаруды сұрады. Бұған қоса, мұғалімдер «білім ордаларында оқушылар арасында буллинг өршіп кетті» деп дабыл қағуда.

ЕЛОРДА БОЛАШАҚТА ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Астана тұрғындары елорданың келбеті көрікті ғана емес, адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы әрі жайлы болғанын қалайды. Елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы тұрғындары үшін жаңа тартымды мекенге айналдыру жөніндегі тапсырмасы аясында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы ретте қалалық Урбанистика орталығы тиімді жобаларды жүзеге асырып келеді.

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

ЕСКІ ҚАЛА ЖАНДАНАДЫ

Қазіргі кезде Есіл өзенінің жағалауы – қала тұрғындары көп жиналатын басты демалыс орны. Дәл осы жерде серуендейтін адамдар қатары өте көп.

– Есіл өзенінің жағалауы қаланың ескі және жаңа орталығын

тар тротуар және үлкен жол болатын. Біз жолды бір жолаққа дейін қысқарттық. Жаңа ағаштар отырғызылып, әрқайсысына суару жүйесі жүргізілді. Қала алаңынан жағалауға дейінгі жол енді теп-тегіс, тұрғындар дән риза, – деді Урбанистика орталығының жетекшісі Елнар Базыкен.

Биыл сонымен бірге Желтоқсан, Мәмбетов, Ағыбай батыр, Ғұмар Қараш және Бұхарбай

жолын кеңейтіп, жерде жатқан плиткаларды ауыстырамыз, жаңа ағаш орындықтар орнатып, жарықтандырамыз, қоқыс жәшіктерін орнатамыз. Бәрі классикалық стильде, дәл Бейбітшілік көшесіндегідей болады, – дейді орталық жетекшісі.

Биылғы жылы Урбанистика орталығының ұсынысы бойынша Ақбұлақ өзенінің жағалауы да қайта жаңартылды. «Алатау» спорт кешенінің жанындағы



жаяу жүргіншілер көпірлері пайда болады. Урбанистика орталығында Ақбұлақ арнасында жаяу жүргіншілерге арналған бір шағын көпір, сондай-ақ Тұңғыш Президент саябағы мен «Қалалық романс» тұрғын үй кешені жанындағы Есіл өзенінің бойындағы саябақ арасындағы көпір салу жоспарлануда. Болашақ көпір екі үлкен саябақты біріктіретін болады.

– Біздің мақсатымыз – Есіл өзенінің бойындағы саябақ кластерлерін біріктіру. Біз өзен бойындағы барлық саябақтар, алаңдар мен қоғамдық кеңістіктер адамның қаңқасы сияқты бір-бірімен тығыз байланысқанын қалаймыз. Адамдар жаяу немесе велосипедпен ешқайда бұрылмай жүруі үшін жаңа жаяу көпірлер салу керек, – деді орталық жетекшісі.

«ЕУРАЗИЯ» АУДАНЫ ӨЗГЕРЕДІ

Қалаға ерекше көрік беріп тұрған көшелердің бірі – «Еуразия» сауда үйі орналасқан аудан. Урбанистика орталығы жетекшісінің мәлімдеуінше, алдағы уақытта бұл ауданды дамытуға да ерекше назар аударылады.

– Биыл бұл аудандағы Қажымұқан көшесінен Петров

көшесіне дейінгі учаскеде Сәтбаев деген ұзын көше абаттандырылды. Мұнда бәрі экостильде жасалды. Ағаш орындықтар мен айналаға жарық беретін түнгі шамдар, ойын алаңдары, көлеңкелі шатырлар, веложолдар – бәрі тұрғындар игілігіне қызмет етеді. Келесі жылы Момышұлы көшесіне дейінгі учаскені қайта жаңарту жоспарланып отыр, – деді орталық жетекшісі.

Ағымдағы жылы Урбанистика орталығы оң жағалаудағы негізгі аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді жөндесе, келесі жылы жобалардың көпшілігі сол жағалауда жүзеге асырылады.

– Биыл біз «Нұржол» бульварын көгалдандыру жұмыстарын

жүргіздік: көпжылдық бұталарды, гүлдер мен ағаштарды отырғыздық. Сондай-ақ «Бәйтерек» аумағын көгалдандырамыз. Бұл Ақорда мен Хан-Шатырды байланыстыратын бірыңғай жасыл белдеу болады, – деді Е.Базыкен.

Қалалық Урбанистика орталығы аудандық әкімдіктермен бірлесіп биыл Астанада 1 миллион ағаш отырғызуды, ал келесі жылдары оны жылына 1,2 миллион ағашқа дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Осылайша, үш жыл ішінде елордада 4 миллионға дейін жаңа ағаш пайда болады. Демек, Астана келешекте жасыл желегі жайқалған әсем қалаға айналмақ.



біріктіретін жер болғандықтан, біз оған іргелес барлық көшелерді біртұтас классикалық стильде қайта жөндеу керек деген шешім қабылдадық. Мәселен, Бейбітшілік көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолында жөндеу жұмыстары аяқталды. Бұрын сол жағында ені 1,5 метр болатын

батыр көшелері қайта жаңартылады.

– Көпшілік жағалауға Республика даңғылынан Ағыбай батыр мен Ғұмар Қараш көшелері арқылы келеді. Бірақ көліктер жиі өтетіндіктен, бұған дейін бұл көшелермен жүру ыңғайсыз болатын. Жаяу жүргіншілер

автотұрақ жаяу жүргіншілер жолына айналды. Амман мен Абылай хан көпірлерінің астында жаяу жүргіншілерге арналған тақтайшалар қойылды. Енді тұрғындар бағдаршамда тұрып уақыт жоғалтпайды, өйткені төте жол пайда болды.

Болашақта елордада жаңа



ЖОЛ-КӨЛІК МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бүгінгі таңда астаналықтардың қала ішінде қатынауы үшін 6 автобус паркі қызмет көрсетіп жатыр. Күн сайын елорда көшелерінде 868 автобус жүреді. Бұл жөнінде Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ басшысының орынбасары Ержан Диханбаев мәлімдеді.

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Қоғамдық кеңестің бұл жолғы отырысы туған күн иелерін төл мерекелерімен құттықтаудан басталды. Қалалық Қоғамдық кеңестің мүшелері атынан кеңестің төрағасы З.Гаипов әріптестері Аяжан Утеуованы 35 жасқа толуымен және Дәулетхан Есімовты асқаралы 60 жасымен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Қаладағы автобустардың жұмысын жақсарту, көше-жол желісін және тұрақ инфрақұрылымын дамыту мәселелері талқыланған отырыс барысында Ержан Диханбаев көше-жол желісін жетілдіру бағытында атқа-



рылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар, баяндамашы Астанада жолаушылардың тең жар-тысы жолақысын төлемей жүретінін атап өтті. Одан соң елордада автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағи-

далары бекітілді.

Отырыс барысында Қазақстан Республикасы астанасының аумағындағы жеке және заңды тұлғалардың сауда, ойын-сауық, қонақ үй, медициналық және өзге де қызметтерді ұсыну қағидалары, Астана қала-

сында Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың тізбесі, сондай-ақ мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі бекітілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында биыл халықтың әлеуметтік осал топтарынан 400 мыңнан астам бала мектеп формасымен, мектепке қажет керек-жарақтармен қамтамасыз етуге материалдық көмекпен қамтылады.

МЕКТЕП ФОРМАСЫ КІМДЕРГЕ ТЕГІН БЕРІЛЕДІ?

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, биыл әр білім алушыға киім, оқу құралдарын сатып алуға арналған қаражаттың ең төменгі мөлшері 40 567 теңге болып белгіленді. Барлық ақша аударымдары ата-аналардың қартқалық шоттары арқылы жүзеге асырылады.

Жаңа оқу жылы қарсаңында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайға тап болған оқушылар қаржылай көмек алады.

«Қаражат ата-аналарға балалармен бірге мектеп формасын, аяқ киімді, кеңсе тауарларын өздері таңдап алу үшін беріледі. Қабылданған өзгерістер ата-аналар мен балаларға жеткізушілерді өз бетінше



таңдауға мүмкіндік береді» деді Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Жолдас Батырхан.

Өзбекстанда су кодексі қабылданады.

Су үнемдеуге бағытталған құжат жобасы заң шығарушы органда қызу талқыланып жатыр. Көршіміз – Орталық Азиядағы ең ірі су тұтынушы. Дариядан келетін тіршілік нәрінің мол мөлшерін ауыл шаруашылығына пайдаланады. Агро өнімдердің ішінде мақта алқаптарының үлесі әлі де болса басым. Мемлекет басшылығы елдің туризм саласынан түсетін табыс артса, ақ алтын егу тоқтайтынын жеткізді.



Әлемде 35 млн балаға қызылша жұғу қаупі төнді.

Бүгінде қызылша ауруы әлемнің бірқатар елінде белең алуы мамандарды алаңдатып отыр. Дерттің тез таралуына не түрткі болды? Бүгінде әлемде 35 миллион балаға қызылшаны жұқтыру қаупі төніп тұр. Өйткені коронавирус кесірінен балалар жоспарлы екілікке өткізіп алған.

Былтыр жоспарлы екілікке 22 миллион бүлдіршіні салдырмаған. Тағы 13 миллионы оның қажетті екінші дозасын қабылдамады.

БІЛІП ЖҮРІҢІЗ: ЖАҢА АЯЛДАМА

Жаңа аялдама «Мәңгілік ел» салтанат қақпасына жақын жерде орналасқан және ол «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы аялдамасы деп аталады.

Бұл аялдама, 28 шілдеден бастап № 15, 15А, 18, 35, 43, 46, 54, 70 бағдарларымен қызмет көрсетілетін болады.

Айта кетейік, бұрынғы «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы» аялдамасының атауы «Бұхар жырау көшесі» болып өзгертілді.



Сұлтан СЕЙІТ

«АСТАНА ОРМАНЫ» — ЕЛОРДА ҚОРҒАНЫ

Бейсенбінің берекелі күні қым-қуыт тірлігі қызған қаладан ұзап, Үркерді бағытқа алдық. Бізді межелі жерден «Астана орманы» ЖШС бас агрономы Ардақ Хасенов күтіп алып, қалың орманға жол бастады. Көңілі сергек, жүзі жылы орманшы ағашты күтіп-баптау өнері туралы айтты.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Ардақ Хасенов 2003 жылы орман шаруашылығындағы жұмысын жасыл белдеуді күту мастері ретінде бастаса, екі жылдан кейін бас агроном болады.

– Арқаның ен даласында орман өспейді деген пікір айтылды. Жоқ, ғалымдармен бірлесе жұмыс істеп, елорданы 88 шақырым қоршап жатқан жасанды орман пайда болды. Жасыл белдеудің жалпы ауданы 14,9 гектар құрайды, оның 11,5 гектары ағаш пен бұтаның 34 түрінен 9,6 миллион дарақ көктеп тұр.

Маусымдық жұмысқа 900 адам тартылады. Қысы-жазы 24 сағаттан 45 орманшы жасыл белдеуді күзетеді. Олар бекеттен кезек-кезек шығып, дала өртінен сақтануды, жеміс

жеміс-жидегін теріп жинайды, – деді ол.

Көп ұзамай велосипед жолындағы жастар көзге түсті. Олар бір-бірімен велосипедпен жарысып барады. Арнайы жолдың ұзындығы – 25,6 шақырым. Сенбі, жексенбі күндері салауатты өмір салтын ұстанатын адамның қарасы көбейеді екен. Түрлі ағаштың жұпар иесі аңқыған далада еңбек белсенділігін арттырып, велосипед тепкенге не жетеді?! Ал атқа мінуге арналған 13,2 шақырымдық жолдың екі жақтауы ағашпен оқшаулаған, атқа міну қауіпсіз. Мұнда да елордалықтар жылқы тақымдап, серуендеп жүр. Фотоапаратын арқалай барған Сұлтан Сейітов велосипед тепкен, атқа мінген жастарды нысана етіп, суретке түсірді. Биіктігі 18 метр болатын мұнараға шығып, суретке түсіру ерекше әсер етті.

терүшілердің қоқыс тастамауын, мал кіріп кетпеуін қадағалайды, – деді орманшы.

Кезінде өр ақын Махамбет: «Еділдің бойы ен тоғай, – Ел қондырсам деп едім. Жағалай жатқан сол елге, Мал толтырсам деп едім. Еңсесі биік ақ орда, – Еріксіз кірсем деп едім» деп жырламап па еді?!

Оның арман-мұраты тәуелсіздік жылдары іске асып, Есілдің бойында ен тоғай пайда болды. Міне, керемет деген – осы!

Орманның әр жерінде қолында шелегі бар адамдар қарақат теріп жүр. Көзге жылы, көңілге қонымды көрінді. Олардың арасында жасөспірімдер де бар.

– Мұнда адамдар екі жағдайда келеді. Біріншісі – атқа мініп, велосипед теуіп, рухани демалуға келеді. Оған таптырмайтын орын. Екіншісі қысқа керекті

Ғылыми негізге сүйеніп ағашты баптаса өсе береді, өсе береді екен-ау! Санаға сондай ой келді. Бір-бірімен бой таластырып жоғарыға өрлеген қайындар биік мұнараға деңгейлес болып қалыпты. Көзбен 12-14 метрге жуықтағанын байқадық. Мұндай мұнара орманды алқаптың 10 жерінен табуға болады (6-уы – 18 метрлі, 4-еуі – 12 метрлі). Орманшы күзетшілер күніне бірнеше рет шығып, алқапты бақылауды әдетке айналдырыпты.

Ардақ орманды аралап жүріп жапырағы ирек тартқан ағаштың қасына тоқтады: – Бұл – жарық сүйгіш, көп жағдайда жылы аймақта өсетін емен ағашы. Биіктігі 40 метрге



дейін, діңінің жуандығы 2 метрге дейін жетеді. Өмір сүру ұзақтығы – 800-1000 жыл. Он бес жылдан кейін жеміс бере бастайды. Міне, осындай алып ағаш біздің орманға бейімделіп, биіктігі 8-9 метрдей болды. Жасанды орманның 30 пайызын қылқанжапырақты тұқымдастар – шырша, қарағай, самырсын құраса, 70 пайызы жапырақты тұқымдастар – емен, қайың, шегіршін, жиде бой көтерді, – деп бір масаттанып қойды А.Хасенов.

Жасанды ормандағы әрбір жұмыс тек ғалымдардың сүйемелдеуімен жүзеге асады. Қазақ орман шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мамандары жасыл белдеудегі сынақ алаңдарында зерттеу қорытынды береді. Содан кейін ғана орманшылар нұсқама бойынша жұмыс істейді.

– Көшетті отырғызу, есепке алу, орман зиянкестері мен түрлі аурудан қорғау және тағы басқа жұмыстарды ғалымдардың бағыт-бағдары бойынша істейміз. Мәселен, ағаштардың арасындағы бос кеңестікке көпжылдық шөптің бірнеше түрін өсірдік. Бұл ортаға көбелек, ара, инелік, өрмекші, құмырсқа, қоңыз тағы басқа

көзге көрінетін және көрінбейтін жәндік түрлері келіп, өз экожүйесін құрды. Жәндіктер ормандағы түрлі зиянкестермен қоректеніп, ағаштың ауырмауына жағдай жасайды. Жәндіктер тым көбейіп кетпеуі үшін Жетісудың қырғауылдары жерсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қояндар орманның негізгі тіршілік иесіне айналды. Қоян популяциясы көбейіп кетпеуі үшін түлкі мен қарсақтар жиі берілді.

Бүгінде институт ғалымдары 5 тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде. Соның бірі – ағашты санитарлық бұталау және жиелігін реттеу, – деді бас агроном.

Біздің елде орманды даланың көлемі – 4,6 пайыз ғана. Оңтүстік өңірлерде сексеуілді тоғайлар басым. Шығыс және оңтүстік-шығыста таулы өлкесіне жатады. Солтүстік өңірлерде шоқ-шоқ ормандар кездеседі.

Астанадағыдай жасанды орман сирек. Тарихқа зер салсақ, 1841 жылы Жәңгір хан училище ашып, орман шаруашылығы бойынша білім беруге жол ашып, сол заманда батыс өңірде көшет отырғызып, жасанды орман құруға бел буады. Ардақ ханның осы орманын көріп қайтуды армандап жүргенін жасырмады.

– Биыл батысқа баруды жоспарлаған едім. Елдегі қатты құрғақшылық салдарынан ормандар жалынға оранып жатқандықтан, жолсапарды кейінге шегердім. Жақында ғалымдар жасыл белдеудегі топырақтың ылғалдылығын зерттеді. Өсімдіктер мен ағаштардың қалыпты тіршілігі үшін топырақтың ылғалдылығы 30-70 пайыз болуы керек. Қазіргі топырақтың ылғалдылығы – 10-12 пайыз ғана. Бұл – ағаштар үшін қауіпті құбылыс. Қазіргі ұяймымыз – осы! – деді ол.

P.S: Бұл сапарда ағаштарды жапырағына қарап ажыратып, желмен жайқалып, сылдырлаған желектің үнін танытып, тіпті өскінмен сырласатын орманшыны көрдік. Әр көшетті дараққа айналдыру – мехнаты ауыр кәсіп, жауапкершілігі зор жұмыс екенін түсіндік. Бастысы, Астананың бір байлығы – орман екенін ұғындық.



«ТІРІ ТАУАР» БИЗНЕСІ ҚЫЗЫП ТҰР



Жыл сайын 30 шілдеде әлемнің барлық елі Бүкіл-дүниежүзілік адам саудасымен күрес күнін (World Day against Trafficking in Persons) атап өтеді. Бұл күн 2013 жылы желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен бекітілді. 30 шілденің таңдалған себебі, 2010 жылы 30 шілдеде адам саудасымен күрес жөніндегі жаһандық іс-қимылдар жоспары қабылданды. Қазақстан 2008 жылы адам саудасымен күрес бойынша алғашқы маңызды халықаралық құжат – 1926 жылы қабылданған «Құлдық туралы конвенцияны» ратификациялады. Осы тақырыпқа қысқаша сараптама жасап, еліміздегі адам саудасымен күрес бағытындағы жаңалықтарға үңіліп көруді жөн санадық.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

АПТАСЫНА 1 МЛН ТЕНГЕ ТАБЫС ТАПҚАН

Жуырда астаналық полицейлер 6 адамнан құралған ұйымдасқан қылмыстық топтың мүшелерін қолға түсірді. Топ мүшелері бір жыл бойы притон ашып, ерікті-еріксіз әйелдерді жезөкшелік пен жеңгетайлыққа жұмылдырған. Олар елорданың элиталық тұрғын үйлерінің бірінен үш үлкен пәтерді жалға алып, қылмыстық жолмен жүйелі түрде табыс тауыпты. Кейіннен анықталғанындай, ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері өздерінің қызметін жан баласына білдірмей, астыртын әрекет еткен. Ол үшін тұрғын үй кешенінің күзетшілерімен «жақын» қарым-қатынас орнатып, сұраған ақсыз төлепті. Ал күзетшілер полиция қандай да бір рейд жүргізгенде, топ мүшелеріне жедел хабарлағандықтан, олар жалға алған пәтерлерінен дер кезінде қашып кетіп отырған.

Ал сырттан келетін тұтынушылар пәтерлерге тек әкімшіге қоңырау соғып, соның рұқсатымен кірген. Сексуалдық қызмет көрсететін қыздар мен әйелдерді интернетке «массаж жасайтын жұмыс береміз» деген жарнамалық хабарландыру арқылы тартып, әңгімелесу барысында жезөкшеліктен түсетін табысты 50/50 бөліп алуға келіскен. Өзара келісім жасалған соң, притон үзілсіз жұмыс істеп, тәулік бойы табыс әкелуі үшін тәнін саудалаушыларға күндізгі және түнгі жұмыс кестесін бекіткен. Ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері «батпанқұйрық» бизнестен орташа алғанда апта сайын 1 млн теңгеге дейін табыс тапқан. Полицейлер жасырын жұмыс істеген притонды әшке-релегенде, сексуалдық қызмет көрсететін 11 адам ұсталды. Ал пәтерлерден 20 мың АҚШ доллары, 156 мың ресей рублі және 720 еуро көлемінде ақша тәркіленді. Бір алаңдатарлығы, мұндай қылмыс қанатты кеңге жаюда.

ҮШ КҮНДЕ – 47 ҚЫЛМЫС

Бүгінгі таңда халықаралық еңбек нарығына етене еніп кеткен Қазақстанда адам саудасы көбейіп келеді. Бір ғана нақты мысал, биыл маусым айында жүргізілген «STOP-трафик» атты қылмыстың жедел алдын алу іс-шаралары аясында полицейлер адам саудасына қатысты 47 қылмысты анықтаған. Соның ішінде: 3-еуі – адамның еңбегін қанау арқылы заңсыз

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ:

Зейнал ГАДЖИЕВ,
БҰҰ Көші-қон жөніндегі ұйымының Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Өзбекстандағы миссиясының жетекшісі:



«Адам саудасымен күресте түпкілікті нәтиже беретін бағдарлама әлі жоқ, демек оны жақсарту мен дамытуға мүмкіндік мол деген сөз. Қазақстанға бұл бағытта Гүржістан, Молдова және Беларусьтің тәжірибесі барынша пайдалы болады және сәйкес келеді. Адам сату жасырын қылмысқа жатады, көбінесе онда ұйымдасқан қылмыстық топтар әрекет етеді, ал құрбандарды сауықтыру мен реинтеграциялау аса маңызды. Бұл жерде мынадай тізбек бар: құқық қорғау органдары қылмысты анықтайды және жолын кеседі; әлеуметтік қызмет ұйымдары құрбандарды емдеп-сауықтыратын баспана ашады, құқықтарын қорғайды; БАҚ адам саудасымен күрестегі іс-шараларды бұқараға жеткізіп, құқықтық сауатын ашады. Бұл тізбекті одан әрі жалғастыруға болады. Ең бастысы, бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі, сапалы және адал жасалуы қажет. Әрбір ұйым бөлек өз жұмысын сапалы атқаруы мүмкін. Алайда, барлығымыз күш-жігерімізді біріктірсек, одан ұтпасақ, ешқашан ұтымтайтынныңмыз анық».

Эльвира ӘЗІМОВА,
Конституциялық соттың төрағасы:



«Салалық заңның болмауына қарамастан, Қазақстан Қылмыстық кодексте адамның ағзасы мен клеткасын сатқаны үшін жазалайтын бап енгізген елдердің тізіміне кіреді. Азаматтық заңнамада мұндай қылмыстың алдын алатын шаралар қарастырылмаған. Тәжірибе көрсеткеніндей, адамдар екінші рет құлдыққа түсуі мүмкін. Бұл олардың әлеуметтік жағынан алғандағы осалдығын ғана емес, қайта жұмысқа тұруда көптеген қиындықпен бетпе-бет келетінін байланысты. Біз бұл қылмыстың өршуіне дем берушілер мен оңай олжаға кенелісі келетіндерді тәубесіне түсіру үшін, мемлекеттік саясаттың қатаңдығын көрсете отырып, кешенді және сапалы алдын-алу іс-шараларын тездетіп қабылдау тиіс».

еркінен айыруға, 10 факті адам саудалауға, соның ішінде 5-еуі – көмелет жасына толмағандарға қатысты дерек, 7 факті әйелдерді жезөкшелікке тартуға; соның ішінде 3-еуі – көмелетке толмағандарға қатысты дерек, 27 факті жеңгетайлыққа және жезөкшелікке жететін притондар ұстауға жатады.

Үш күнде құқық қорғау органдарының қызметкерлері адам еңбегін қанау, әсіресе 30 әкімшілік құқық бұзушылықты, қоғамдық орындарда адамдарға ақылы жыныстық қызмет ұсынуға қатысты 453 оқиғаны тіркеген. Жоғарыда айтылған 47 қылмыстың ішінде көпшілігі адам еңбегін қанау, сәбилерді сату, адам ағзасының бөліктерін сату, сексуалдық қызметке мәжбүрлеу келтіреді. Нақты мысалдар келтірейік. Осыдан екі жыл бұрын Алматы облысының тұрғындарын елең еткізген оқиға болды. 39 жастағы әйел бала сүйе алмай жүрген ерлі-зайыптыларға жаңа туған нәрестесін 500 000 теңгеге сатқан. Әлбетте, нәрестені сатып алуға жай киіммен полицейлердің барғанын ол білген жоқ. Безбүйрек әйел өзінің қолымен жасаған қылмысы үшін заң алдында жауап береді.

Биыл Қостанай облысының қалаларының бірінде тұратын, колледжде оқитын өрімдей қыз ұшты-күйлі жоғалып кетті. Сөйтсе, 38 жастағы бір әйел әлгі қызды алдап-арбап, бопсалау арқылы жезөкшелікке тартыпты. Өзі бірнеше қалада жалға алған пәтерлеріне «тұтынушыларын» шақырып, жас қыздың тәнін

саудалап, табысқа кенелген. Интернеттегі жарнамада бір шикілік барын сезген полицейлер жалға берілген пәтерден жеңгетай әйелді де, жас қызды да қолға түсірді. Алаяқ әйелден зардап шеккен қыз туыстарына қайтарылды. ҚР Қылмыстық кодексінің 134-бабы бойынша («Көмелетке толмағандарды жезөкшелікке тарту») қылмыстық іс қозғалды.

Қарағанды облысында бір шаруа қожалығының жетекшісі көп жылдар бойы 30 және 52 жастағы екі ер адамды қорқытып-үркітіп, құлдыққа ұстаған. Еңбегі қаналған бейбақтар шаруа қожалығындағы жезөкше жұмысты (шаруашылық жүргізу, техниканы жөндеу, мал бағу, мал ұстайтын жерлерді күту мен тазалау) тегін атқарған. Олар бірнеше рет қашуға әрекет еткенімен, қожайын қуып жетіп, ұрып-соғып, қожалыққа қайтып

есеге көп екенін көреміз. Себебі, «батпанқұйрық» бизнестің таң қалдыратын табыстылығы, жоғары деңгейдегі құпиялығы, әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасының тереңдеуі осы қылмыстың тез өршуіне жол ашып отыр. Яғни, адам саудалаушылар жан қинамай тез байып кету үшін өз құрбандарына алдау мен зорлық көрсетудің алуан түрлі формаларын ойлап табады. Көбінесе аңқау адамдар құқықтық сауатының төмендігінен бума-бума ақшаға құныққан қаныпезерлердің құрығына түсіп қалады. Қатты алаңдатарлығы, бала сату да бедеу алуда. Көбінесе өмірі қиын жағдайға тап болған әйелдер баласын сатып, қиындықтан құтылуға ұмтылады. Қарызға белшесінен батқан бейбақтар шарасыздығынан өзінің ағза мүшелерін сатуға мәжбүр болады. Бұлардың бәрі

ӘЛЕМДЕ ҚҰЛДЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН, ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ 50 МЛН-НАН АСТАМ АДАМ ӨЗІНІҢ ЕРКІНЕН ТЫС ӨМІР СҮРЕДІ. БҰҰ МАМАНДАРЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША, ЖЫЛ САЙЫН АДАМ САТУДАН ТҮСЕТІН ТАБЫСТЫҢ КӨЛЕМІ 150 МЛРД. АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАЙДЫ. ОСЫДАН 10 ЖЫЛ БҰРЫН, «ТІРІ ТАУАР» БИЗНЕСІНЕН ТҮСЕТІН ТАБЫС ӘЛЕМДЕ 5-7 МЛРД АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАСА, «БАТПАНҚҰЙРЫҚ» БИЗНЕСТІҢ БІРНЕШЕ ЕСЕГЕ ӨСКЕНІН КӨРЕМІЗ

жәліп отырған. Шаруа қожалығы сол маңдағы автокөлік жолынан 65 шақырым жерде болғандықтан, құлдықтан қашып құтылу оңайға соқпаған. Кейінірек, шаруа қожалығына сырттан барған адамның көмегімен құлдықтағы адамдар бостандыққа шықты. Құзырлы органдар адамның еңбегін қанау үшін заңсыз еркінен айырған азаматқа қатысты тергеу жүргізіп, істің ақ-қарасын анықтауда.

БІР ЖЫЛДА 100 АДАМ ҚҰЛДЫҚҚА ТАП БОЛАДЫ

Мұндай адам шошытарлық деректі құқық қорғау органдарының өкілдері Мәжілісте «Адам саудасына қарсы іс-әрекет туралы» заң жобасының таныстырылымында жұртқа жария етті. Заң жобасын депутаттарға таныстырған Ішкі істер министрінің орынбасары Ержан Сәденов кез келген адамның мұндай қылмыстың құрбаны болуы мүмкін екенін ашық айтты. Ол адам саудасының әртүрлі формалары бар екенін, соның ішінде негізінен сексуалдық тұрғыдан қанау, еркінен айырып, еңбегін қанау, қайыр сұрауға мәжбүрлеу, асырап алуға жаңа туған сәбилерді сату, адам ағзасының бөлшектерін саудалау сияқты түрлері көп кездесетінін мысалға келтірді.

Құзырлы министрлік өкілі 2023 жылдың басынан бастап адам саудасына жататын 65 қылмыс тіркелгенін мәлім етті. Соның ішінде, 37-сі – жеңгетайлық және притон ұстауға; 16-сы – адам сатуға (осының 12-сі – көмелетке толмағандар); 11-і – жезөкшелікке тартуға (3-еуі – көмелетке толмағандарды тарту); 1-еуі – еңбегін қанау мақсатымен еркінен айыруға жатады. «Жалпы алғанда, жыл сайын адам саудасына қатысты 100-ден аса қылмыс тіркеледі. 2020 жылы – 111 факті, 2021 жылы – 103 факті, 2022 жылы – 77 факті тіркелді. Бір жылда кем дегенде 5 ұйымдасқан қылмыстық топтың заңсыз іс-қимылы әшке-релейміз. Біздің азаматтардың Бахрейн королдігіне, Оңтүстік Кореяға және өзге елдерге еңбегін қанауға жөнелту арналары жабылғанын жария еткіміз келеді» деді Ержан Сәденов.

Ішкі істер министрінің орынбасары адам сататындарды қылмыстық жауапкершілікке тарту және оларға қарсы күресу – бұл тек жаһандық тажалдың салдарымен ғана күресу екенін мойындады. Өйткені, үкіметтік емес ұйымдардың мәліметіне үңілсек, адам саудасынан зардап шегетіндердің саны ресми деректен бірнеше

заңнамалардың осалдығынан, трафикке қарсы күресте күш біріктіре алмай отырғандығымыздан болып отыр.

ҚАЗАҚСТАН ҚАНДАЙ ЗАҢ ҚАБЫЛДАЙДЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында адам саудасына тосқауыл қою үшін арнайы заң қабылдау қажеттігін тапсырды. Ішкі істер министрлігі әзірлеген «Адам саудасына қарсы іс-әрекет туралы» заң жобасы шетелдердің үздік тәжірибесін ескере отырып, 50-ден аса әсіби сарапшылардың қатысуымен жазылып шыққан. Құжатта 6 тарау, 22 бап бар. Заң жобасында тұңғыш рет «адам саудасының құрбаны», «адам саудасының ықтималды құрбаны», «адамның осал жері», «адам саудасына қарсы күресетін субъектілер» деген ұғымдар енгізілген. Ең бастысы, «адам саудасы» деген ұғым БҰҰ-ның Палермо хаттамасына сәйкес түсіндірілген.

Заң жобасын дайындаушы тараптар мынадай негізгі тәсілдерді басшылыққа алыпты: біріншіден, мемлекеттік органдар мен азаматтық сектордың кешенді жұмысына негізделген адам саудасымен күрес жүйесін қалыптастыру. Өйткені, полицейлер мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдармен, коммерциялық емес ұйымдармен, туристік қызмет субъектілерімен және жұмыс ұсынатын жекеменшік агенттіктермен қоян-қолтық жұмыс істегенде ғана белгілі бір нәтиже болатынын біліп отыр.

Екінші маңызды тәсілдің бірі – осы қылмыстың алдын алу, адамдарды құлдықтан сақтандыру мен тәуекелдерді азайту. Тәуекелдерге талдау жасамас бұрын, адам саудасына жол ашатын себептерді сараптап алған абзал. Үшінші тәсіл – адам саудасының құрбандарын қорғау. Адам саудасының құрбандарына көмек беру мен қорғау – барлық халықаралық келісімдегі міндетті нормалардың бірі.

Сондай-ақ, заңгерлер мен сарапшылар құлдыққа түсуі ықтимал азаматтарды сақтандыру мен қорғау мәселесіне де ерекше ден қойып отыр. Заң жобасында көме-летке толмаған адам саудасының құрбандарының құқықтарын қорғауға бөлек тарау енгізілген. Ең бастысы, осы қадам арқылы ҚР Қылмыстық кодексіне адам саудасына жататын қылмыстар деген жаңа санат енгізілмек.

Адам саудасының түрлері

- 01 Мәжбүрлі түрде жұмысқа жегу
- 02 Жыныстық қылмыстық эксплуатация
- 03 Үй құлдығына жегу
- 04 Бала еңбегін қанау
- 05 Қайыр сұрауға мәжбүрлеу
- 06 Ағза мен тілдерді трансплантациялау үшін пайдалану
- 07 Балаларды асырап алушыларға сату

АДАМ САУДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛМАС ҮШІН НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

- Шетелде жұмыс ұсынып отырған агенттіктің заңды түрде жұмыс істейтініне көз жеткізу қажет. Нөмірі, қолтаңбасы, мөрі қойылған лицензиясын сұраңыз.
- Шетелге кетпей тұрып, еңбек келісім-шартын жасаныз. Қол қоюға ұсынылып отырған құжатты мұқият оқып шығыңыз. Сізді шетелге жіберетін фирмаға еш қатысы жоқ заңгермен кеңесіңіз. Келісімшартта сізге ұсынылатын жұмыстың, тұратын жердің, еңбекақы, медициналық сақтандырудың шарттары қарастырылуы қажет.
- Жұмыс визасын алыңыз - туристік виза жұмыс істеу құқығын бермейді.
- Барлық құжаттың бірнеше данасын шығарып алыңыз. Бір данасын кәсізде қалдырмаңыз, қалғанын туыстарыңызға беріңіз. Бұл егер сізден құжаттары алып қойғанда немесе оларды жоғалтатын жағдайда көмектеседі.
- Жақандарыңызға қайда және кіммен баратыныңызды хабарлаңыз. Телефон нөмірлері мен тұратын мекенжайыңызды қалдырыңыз. Туыстарыңызға егер белгілі бір уақытта хабарласпаңыз, онда бұл сізге тығыз қауіптің белгісі екенін алдын ала ескертіңіз.
- Шетелге кетпе бұрын өзіңіз баратын мемлекетте сізге көмек беретін елшіліктің, консулдіктің, полицияның, құтқару және жедел жардам қызметтерінің телефон нөмірлерін алдын ала біліңіз.

Егер Сіз Қазақстаннан сапарға шығар болсаңыз, міндетті түрде 116 16 телефоны арқылы кеңес алыңыз!

АДАМ САУДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛУДАН САҚТАНЫҢЫЗ!

Дереккөзі: «Сыр бойы» газетінің сайты

«САНА» – ЖАҢА ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары жаңадан салынған «Сана» оқушылар сарайын аралап көрді. Оқушылар сарайында 50-ден астам үйірме жұмыс істейді. Орталық жобалық қуаты бойынша бір мезгілде сағатына 700 оқушыны қабылдай алады.



«Сана» жаңа ұрпақ орталығы – мектеп оқушыларына қосымша білім беруге, өнерге баулуға арналған нысан. Биік әрі сәнді ғимарат заманауи технологиялармен, сапалы құрылыс материалдарымен бой көтеріп, барлық қажетті құрал-жабдықпен жасақталған.

– Құрылысы аяқталуға таяу орталықтың ресми ашылуы 1 қыркүйекте болмақ. Бес қабатты ғимарат 7 айда салынып бітті. Соңғы 2 айда жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бюджеті 5 млрд теңгені құрады. Көлемі – 7 500 шаршы метр. Жобалық қуаты бойынша бір мезгілде сағатына 700 оқушыны қабылдай алады. Бұл – мемлекеттік мекеме емес, жекеменшік мекеме, – деді «Сана» жаңа ұрпақ орталығының директоры Жансерік Саттар.

Орталық жыл бойы қызмет көрсететін болады. Дегенмен, өз жұмысын мектептердің оқу кестесімен байланыста жүргізетіндіктен, орталықтың жұмысы туралы жарнамалар тарату, курстар мен үйірмелерге қабылдау жұмыстары әзірге басталған жоқ. Орталықтың әкімшілік директоры Әсел Біләванованың айтуынша, мұндағы қосымша сабақтар ақылы. Мысалы, оқушы бассейнде жаттықтырушымен бірге айына 8 рет сабаққа қатысатын болса, оның құны 20 мың теңге болуы мүмкін.

Оқушылар сарайында 56 бағыт бойынша 50-ден астам үйірме қызмет көрсетпек. Негізгі бағыттар – әлеуметтік ғылымдар, қолөнер, бейнелеу, музыка және би өнері. Сабақ уақыттары әртүрлі. 50, 60, 80 минут болуы мүмкін.

– Орталықта дәріс беретін мұғалімдердің 99 пайызы



Оқушылар сарайында 56 бағыт бойынша

50-ден астам үйірме қызмет көрсетпек. Негізгі бағыттар – әлеуметтік ғылымдар, қолөнер, бейнелеу, музыка және би өнері

жинақталды. 1 қыркүйектен бастап толық құрам жұмыс істейтін болады. Үйірме жұмыстары баланың қабілетіне қарай ұйымдастырылады. Бір бала бағдарлама жасауға бейім болуы мүмкін, бір бала құрастыруға икемді болуы мүмкін, мұның бәрі ескеріледі. Оқушы өзі бейімделіп жатқан сала бойынша жас ерекшелігіне қарай ең төменгі деңгейден жоғары деңгейге дейін шындала бермек. Мысалы, технологиялар курсына бала әуелі техниканың құрылысымен танысады, бірте-бірте роботпен жұмыс істеуге дейін жаттығады. Әлеуметтік ғылымдар бағыты, тіл, бизнестің әліппесіне үйретуден бастап едік, кейін ата-аналар сұранысы бойынша математиканы да қостық. Мұнда сондай-ақ заманауи журналистика дағдыларына үйрету курсы да бар, – дейді орталықтың білім және тәрбие бөлімінің жетекшісі Қазбек Елубайұлы.

Оның айтуынша, тамыз айында осы орталықта ха-

лықаралық олимпиада өткізу жоспарланып жатыр. Балаларға жеңіл тамақтануға мүмкіндік жасалған, ал ата-аналар үшін баласын күтіп отыратын орын жасақталған, тіпті олардың кішкентай бүлдіршіндеріне моторикаларын дамытатын бөлме де ойластырылған.

Осыған орай орталықтағы үйірмелерді аралап, олардың жұмысымен танысқан депутаттардың пікірін де білген едік.

– Мұндай орталықты Астанада бірінші рет көріп тұрмын. Жақсы жоба. Балалар осындай орындардан қосымша білім алатын болса, болашақта өндірісте, энергетикада, авиацияда жетіспей жатқан мамандардың қатарын толықтырар еді. Болашақ білікті маман үшін өз ісінің әліппесін осы жерден бастап үйренуге толық жағдай жасалған. Бәрі бар, тек ынта болса болғаны. Кеңес кезінде өндірістік оқу комбинатына қатысқан болатынбыз. Онда жүргізуші, сылақшы, металл жонушы сияқты қосымша мамандықтарды оқып шыққанбыз. Сөйтіп, мектептен қосымша мамандыққа икемделетін. Бұл жастардың өміріне де, мекемеге де керек болады, – деді мәслихат депутаты Ғабит Тәжімұратов.

– Бүгін кәсіпкер, меценат Абзал Сағымбаев мынадай үлкен ғимарат ашып жатыр. Балаларға арналған өте әдемі, сапалы салынған екен. Осындай ғимараттар көбейе бергені дұрыс деп ойлаймын. Өйткені миллион жарымға жақын тұрғыны бар елорда үшін мұндай орталықтар әлі де керек, – деді Астана қалалық мәслихаты төрағасының міндетін атқарушы Асқар Смағұлов.



Мектепке қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес 1 сәуірден бастап жаңа оқу жылына 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау басталды. Балаларды қабылдау 1 тамызға дейін жалғасады.

1-СЫНЫПҚА ҚАБЫЛДАУ ЖУЫРДА АЯҚТАЛАДЫ

Бірінші сыныпқа өтініштерді қабылдаудың аяқталуына санаулы күндер қалды. Яғни, 31 шілде – құжат тапсырудың соңғы күні. 6 жастағы балалар 1-сыныпқа қабылданады. Сонымен қатар, 31 желтоқсанға дейін алты жасқа толатын балалар да бірінші сыныпқа бара алады.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру электрондық үкімет веб-порталы – eGov.kz арқылы және білім беру ұйымдары арқылы қағаз түрінде жүзеге

асырылып жатыр (белгіленген жұмыс кестесі дүйсенбі-жұма, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін).

Қосымша сұрақтарыңыз болса, 55-68-70, 55-68-81, 55-68-87, 55-74-62 нөмірлеріне

хабарласуларыңызға болады.

Балаларды 1-сыныпқа қабылдау үшін құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталуға жақын. Небәрі 2 күн қалды. Алдағы уақытта балаларды мектепке дайындау, оқулықтармен қамтамасыз ету міндеті тұр.

ҚОСЫМША СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БОЛСА, 55-68-70, 55-68-81, 55-68-87, 55-74-62 НӨМІРЛЕРІНЕ ХАБАРЛАСУЛАРЫҢЫЗҒА БОЛАДЫ



ТҮЛЕКТЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

Астанада мектеп түлектерінің қаланың жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек алуына мүмкіндіктері бар. Оған кім үміткер бола алатыны туралы онлайн-брифингте елорданың Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Таласова айтып берді.

– Осы жылдың 1 шілдесінен 21 тамызына дейін (қоса алғанда) Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы қаланың жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу жөнінде әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар қабылдап жатыр, – деді Айгүл Таласова.

Қаланың жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы 4 ең төменгі күнкөріс деңгейінен (213 240 тг) аспайтын ақшалай төлемдер түрінде ұсынылады. Ол Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінің мынадай санаттағы түлектеріне көрсетіледі:

- жетім балалар;
- балалар үйінің түлектері;
- бала кезінен мүгедектігі бар адамдар;
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- көпбалалы отбасылардан шыққан балалар (оның ішінде биыл үлкен баласы көмелетке толған кезде білім беру ұйымдарына күндізгі оқу нысанына түскенге дейін).

Тестілеу кезінде қажетті ең төменгі балл жинамаған жалпы білім беретін мектептердің түлектеріне әлеуметтік көмек тағайындалмайтынын атап өту маңызды.

Қаржылық қолдау елорданың еңбек нарығында суранысқа ие мамандықтар бойынша оқыту үшін ұсынылады.

Медициналық, педагогикалық және техникалық мамандықтарға басымдық беріледі. Сонымен, оқыту жалпы меди-



цина, әлеуметтік жұмыс, сәулет (BIM-менеджер жобалаушы), электр энергетикасы, дене шынықтыру және спорт, психология, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламашы), дизайн, ақпараттық жүйелер, азық-түлік өнімдерінің технологиясы, газ жабдықтырына қызмет көрсету инженері, информатика, тасымалдауды ұйымдастыру, қозғалыс және көлікті пайдалану, биотехнология, бастауыш сынып оқушыларын оқыту педагогикасы мен әдістемесі, мектепке дейінгі оқыту, математика, химия, биология мұғалімі және т.б.

Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттар пакетін ұсынуы керек:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) жиынтық табысты есептеу қағидаларына сәйкес адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;
- 3) ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);

- 4) көпбалалы отбасының мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі (көпбалалы отбасылардан шыққан балалар үшін);
- 5) туу туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);
- 6) Астана қаласының орта мектебін бітіргені туралы аттестат;

7) Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері бойынша берілген мемлекеттік сертификат.

8) екінші деңгейлі банктің не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банктік шоттың нөмірі туралы мәліметтер.

Сұрақтар бойынша Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайы бойынша хабарласуға болады.

Анықтама телефондары:
Алматы ауданы: 55-01-74, 8 702 837 50 05;
Байқоңыр ауданы: 55-72-32, 8 771 830 32 78;
Есіл ауданы: 55-74-50, 8 705 427 92 40;
Сарыарқа ауданы: 55-14-87, 8 701 621 62 99, 8702-546-86-95.

«ЖАСТАР» ТЕАТРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Кеше Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында қала әкімдігінің «Жастар» театры директорының орынбасары Ерболат Елубай өнер ошағының қызметі туралы баспасөз мәслихатын өткізді.



«Жастар» театры – сан қырлылығы және жаңашылдығымен қазақ театры өнерінде өзінің орнын айшықты түрде белгілеген, жас та болса, жасампаз өнер ордаларының бірі. Театр сахнасында көрерменге ұсынылар қойылымдар жоғары көркемдік деңгейімен, әлемдік театр өнері жетістіктерін игерумен ерекшеленеді. Соңғы уақытта «Жастар» театры мюзикл жанрына ауысқан болатын. Оның ерекшелігі – оқиға желісін әрекетке, қимылға салып ықшамдап жеткізу. Жаттанды сөзді шұбатып тұрғаннан гөрі әрекет арқылы түсіндіру көпшіліктің назарын аудартып, қабылдауына жеңіл болады, – деді спикер.

Оның айтуынша, аталмыш театр 2007 жылдың 5 шілдесінде Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбайұлының «Шыңғысхан» спектаклімен (инсценировка авторы – Жаныш Құлмамбетов, қоюшы режиссері – Нұрқанат

Жақыпбай) ашылды. 16 жылдық тарихында халықаралық және республикалық байқаулардан 14 бас жүлдені иеленді. Бүгінде репертуарында 55-ге тарта спектакль бар. Театр актерлерінің 99 пайызы – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлектері, театрдың негізін қалаушы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбайдың шәкірттері.

Өнер ұжымы Оңтүстік Корея мемлекетінде Азия елдері бойынша ең ірі XII халықаралық мюзикл фестиваліне F.Мүсіреповтің «Жібек» мюзиклімен қатысты. Мюзикл жанры дамыған Франция, Ресей, Ұлыбритания, Чехия, Қытай, Корея, Тайвань сынды ірі мемлекеттермен қатар, өнер көрсету жас ұжым үшін үлкен мәртебе әрі баға жетпес тәжірибе болды. Астананың мәдениетін да-

мытып, шетелдерде бас қаланы асқақтатқаны үшін өнер ордасы «Елорда жұлдызы» сыйлығын иеленген.

Биылғы жарты жыл ішінде театр 77 спектакль қойып, 144-тен астам іс-шара өткізді. Соның ішінде 105-тен астамы қойылым болса, бірлескен шаралар саны 39-дан асады. Өнер ордасының қойылымдарын 32 мыңнан астам көрермен, ал қайырымдылық шаралары аясында 2500 көрермен тамашалады.

«Жастар» театры жанында «Қанаттылар» инклюзивті театры ашылған. Бұл өнер ордасы екі жылдай бұрын көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Гулнар Салықбайдың «Қанаттылар» музыкалық-поэтикалық қойылымымен шымылдығын түрді. Содан бері де арада бірнеше спектакль ұсынды. Соның ішінде көрнекті жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Роза Мұқанованың шығармасы желісімен сахналанған «Қызжылаған» спектаклі көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Жалпы инклюзивті театр физиологиялық ерекшеліктері бар адамдардың талантын ашуға зор мүмкіндік тудырып отыр.

Алдағы жаңа маусымда қазақ әдебиетінің көзі тірі классигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Таразидің 90 жас мерейтойына орай аталмыш театрда қаламгердің «Жолы болғыш жігіт» драмасын режиссер Нұрфат Вахитов сахналамақ, Нұрқанат Жақыпбай «Дон Кихот» қойылымын қояды.



ҰЛТТЫҚ ҚОЙЫЛЫМДАР ҰСЫНДЫ

Өткен бейсенбі күні Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрының III маусымы «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасымен (инсценировка авторы – Мирас Әбіл, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров) жабылды. Өнер ошағы осы маусымды былтырғы күзде дәл осы қойылыммен ашқан еді. Бұл маусым аталмыш туынды авторы, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналды. Осы маусымда театр 186 мәрте спектакль ұсынып, қойылымдарды 35000 көрермен тамашалады.

III маусымда театр аралуан тақырып пен әртүрлі жанрда бас-аяғы үш премьералар ұсынды. Соның алғашқысы – «Күн астындағы Күнекей қыз» музыкалық ертегісі. Ертегінің инсценировкасын жасаған – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров, қоюшы режиссері – Данияр Базарқұлов. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерді Күнекей арқылы көрсетуге тырысқан өнер ошағы ертегі арқылы қазақтың болмысын танытуды, жас көрермендерге жамандық пен жақсылықтың, адалдық пен арамдықтың аражігін ажырата білуді үйретуді көздеді.

Биылғы ақпан айында аталмыш театрда көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабековтің шығармасы желісімен сахналанған «Гауһартас» музыкалық драмасының премьерасы аншлаппен өтті. Премьераға шығарма авторы арнайы қатысып, өнер ұжымына ризашылығын жеткізіп, батасын берді. Көрерменнің ыстық ықыласына бөленген осы спектакль театр сүйер қауымның өтіншісімен бір айда бірнеше рет репертуарға қойылды. Соның нәтижесінде төрт айдан астам уақыт ішінде 73 мәрте көрермен назарына ұсынылды.

Кинорежиссер Шәріп Бейсенбаевтың «Гауһартас» көркем фильмі қазақ кино өнерінің «Алтын қорына» енді. Премьерада спектакль-

дің қоюшы режиссері Асхат Маемиров Кеңес Одағы кезінде осы кинотуынды қазақ фильмдері арасында көрсетілім жағынан «Қыз Жібектен» кейін екінші орын алғанын айтты. Сондай-ақ, театр III маусымының соңына қарай Асхат Максимұлының сахналауымен «Қыз Жібекті» де жаңғыртып, осы атаумен

оңтүстік өңірлерін аралады. Құрылған уақыттан алғашқы гастролін биылғы сәуір айында Атырау, Құлсары, Орал, Ақтау, Жаңаөзен қалаларында өткізді. Жарты айдан астам уақыт сапарда жүріп, аталған шаһарлар тұрғындарының құрмет пен қошеметіне бөленді. Ал нәтижесінде «Астанадан киелі Түркістанға сәлем!»



мюзикл ұсынды. Оны фильмде бас кейіпкерді сомдап, «Қазақтың Қыз Жібегі» атанған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Меруерт Өтекешова тамашалап, жоғары бағалады. «Ақбоз ат» мүсіншісінің мюзиклде Төлеген және Жібек бейнелерін сомдаған Оразалы Ігілік пен Инабат Ризабековаға сыйлады.

Осы маусымда театр гастрольмен еліміздің батыс және

атауымен қасиетті қалаға барып, бес спектакль ұсынды.

Музыкалық жас көрермен театры III маусымында таза ұлттық қойылымдардың премьераларын өткізді деп айтуға болады. Театрдың IV маусымы 8 қыркүйекте ашылады. Жаңа маусымда да өнер ошағында жаңалықтар көбейіп, көрермендерді қызықтыратын тың спектакльдер ұсынылады деп ойлаймыз.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАР

«Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ «А56 және А91 көшелерінің қиылысы ауданында кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау»

бөлімін жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жоба бойынша құжаттама бірінші экологиялық порталда орналастырылған <https://ecportal.kz>. Жария талқылаулар 07.08.2023 ж. бастап өткізіледі және бірінші экологиялық портал сайтында 15 жұмыс күні ішінде жалғасады.

Бастамашы – «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сейфуллин көшесі, 30, тел: + 7 (7172) 32-01-58.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Р.А. Оқапов» ЖС, Ақмола облысы, Көкшетау қ., Горький к-сі, 2к, orazalinova@list.ru. Тел.: 87017503822.

ҚҰНДЫ ҚОЛЖАЗБАЛАР ТАПСЫРЫЛДЫ

Астана қаласының Мемлекеттік архиві мен Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының ұйымдастыруымен ақын, шежіреші, Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагері Ғабдолла Мәмбетовтің жеке қорын архив қорына тұрақты сақтауға қабылдау шарасы өтті.

Архив қорына тапсырылған құжаттар Ғабдолла Бәйтенұлының туған өлкесі Қарақойын-Қашырлы өңірінің рухани, саяси өмірінен, мәдениеті мен тарихынан мол мағлұмат береді. Шара барысында Ғабдолла Мәмбетовтың өмірбаяны, жазып қалдырған мұрасы арқау болған «Қашырлы сыр сандығы» кітабының тұсауы кесілді. Бұл кітапта автор жайында мәліметтер, ой-пікірлері, пайымдары, Ғабдолла

Мәмбетовтің шығармалары, өсиет сөздері, ел арасынан жинап-терген шежірелер мен дастандар топтастырылды. Қазіргі уақытта ұмытылып бара жатқан жер-су атауларының фотосуреттері де көрініс тапқан. Ғабдолла Бәйтенұлының жазып қалдырған мұрасы көпшілік назарына көрме арқылы ұсынылды.

– Ғабдолла Бәйтенұлы өзінің жазбаларында Қарақойын-Қашырлы өңірінде 1916 жылғы көтеріліске қа-



тысқан адамдардың аттарын, олардың қаза болған, жерленген жерлерін тура көрсетті. Біз оны архив деректерімен салыстырып қарадық, бәрі дәл мәліметтер екен. Сондықтан да болашақта бұл қолжазбалар өте құнды болады деп ойлаймын, – деді Астана қаласының Мемлекеттік архиві директорының орынбасары Жангелді Бимолдин.

Шарада Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры Жандос Болдықов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері Тілеуғали Қышқашбай, Ғабдолла Мәмбетовтың ұлы Қуандық Ғабдуллин тапсырылған құжаттар мен қолжазбалардың мән-маңызына тоқталды.

ҚАЛАНЫҢ КІТАПХАНАЛАРЫ

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ЖАЗ – КІТАП ОҚИТЫН МЕЗГІЛ

Иә, жазда күн ұзақ. Кітап оқуға уақыт көп. Тек өзің қалаған жақсы кітапты таба алсаң болғаны. «Жазда оқырмандарды кітапханаға тарту қиындау екені рас. Жұрт еңбек демалысына шығып, қыдыру мен демалуға кетеді. Жұмыстан қолы босаған жандар бау-бақшада күнін өткізеді. Ал кітапханаға негізінен егде жастағы зейнеткерлер келеді» деп әңгімесін бастады Гүлбадан Сақтапқызы. «Бірақ, балаларын ертіп келетін ата-аналар да бар. Өзіңіз жаңа ғана баласын ертіп кірген бір-екі адамды көрдіңіз. Әртүрлі қызықты кітаптарды өздері оқып, балаларын кітап оқуға баулитын осындай адамдар. Кейбір ата-аналар үйдегі интернетті өшіріп, тегін Wi-fi-ды қосқызыбай, кітап оқу мәдениетін санасына сіңіреді. Өткенде бір қыз бала: «Менің анам бір кітапты оқуды бастаса, басын көтермей оқиды, бәрін ұмытады, тіпті тамақ та ішпейді» деп күліп әңгімелеп отыр. Көп жағдайда әуелі өздері кітапханадан кітап алып оқып,

Жолым түсіп, елордадағы Шәкәрім Құдайбердіұлы көшесіндегі кітапханаға бас сұқтым. Кіреберістегі апай жылы шыраймен қарсы алды. Неше түрлі кітаптар дәлізде де самсап тұр. Көздің жауын алады. Еріксіз кідіріп, әр кітапқа үңілесің. Көп бөгелмей «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесінің директоры Гүлбадан Мәдібаеваның жұмыс бөлмесіне беттедім. «Ұлық болсаң, кішік бол» дегендей, кітапхана басшысы ерекше ілтипатпен қарсы алды. Одан әрі кітапхананың әдемі залына өтіп, жарқын жүзді кітапханашылармен ой бөлістік.

87 МЫҢ ОҚЫРМАНҒА – 760 МЫҢ КІТАП

Алдағы жылы 50 жылдығын атап өтетін Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мекемесі елордадағы 18 кітапхананы (көпшілік, балалар) біріктіреді. Осы кітапханалардың кітап қорында 760 000-нан астам кітап бар дегенді естігенде таң қалғаным рас. Алайда, сол кітаптардың 160 000 данасы мемлекеттік тілде екен. Басым бөлігі орыс тілінде деген сөз.

жұр. Цифрлық технологиялар өмірімізге дендеп енген сайын, интернет-кітаптар санамызды жаулап барады.

Ақпарат ғасырында қағаздағы газет пен кітап былай қалып, жаңалықты да, көркем шығарманы да смартфон, планшеттен оқитын болдық. Жыл сайын интернет пайдаланушылардың саны өте жылдам өсіп барады. Мысалы, 2021 жылы әлем халқының саны 7,83 млрд адам болғанда, соның ішінде 5,22 млрд ұялы телефон ұстаған. Биыл әлем халқының саны 8 млрд-тан асты, ал интернетті



ұрпақты тәрбиелеуге, тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етуге бағытталған. Кітапханалар халықтың барлық санатына қызмет көрсетеді, қоғамдық-мәдени орталық рөлін атқарады, жеке тұлғаны әлеуметтендіруге және өзін-өзі дамытуға ықпал етеді, – деп жалғады сөзін Г.Мәдібаева.

Бұрын біз кітапханаға кітап, газет-журналдарды оқуға, үйге кітап алуға баратынбыз. Бүгін кітапханаға кітаптың тұсау-серіне, шығармашылық кештерге, қоғамдағы адамдармен қарым-қатынас жасауға, яғни, кездесуге барамыз. Бұл қадам кітапхананың жұмыс форматын өзгертіп, толығымен көп қызмет түрін ұсына алатын мәдени, білім орталығына айналғанын дәлелі. Біз оны заманауи түрде «коворкинг-орталықтар» деп атап жүрміз. Болашақта қоғамның тұтқасын ұстайтын нағыз интеллектуалдар кітапханадағы әртүрлі кездесулерден дүниетанымын шығады. Елордадағы бірқатар кітапханаларда болғанымда, осыған менің де көзім жетті. Қалалық кітапханаларда алуан түрлі бағыттағы 14 үйірме мен 5 клубтың жұмыс істеуі – осының айқын дәлелі.

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА

Бұл бірегей жоба індет кезінде жүзеге асырылды. Жаздың алғашқы күнінен бастап оқырманды қызықтыруға таптырмайтын тәсіл. Жобаны Байқоңыр ауданының әкімдігі, Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі және Жазушылар одағының елордадағы филиалы бірлесе дамытып келеді.

Абай даңғылындағы Қаламгерлер аллеясында Кітап Qala атты ашық аспан астындағы кітапхана барын астаналықтар жақсы біледі. Аллеяда тынығып отырған жандардың кітап оқуға құштарлығы артаыны анық. Мұндайда алдымен психологиялық, мотивациялық, тарихи кітаптар сұранысқа ие. Көбінесе сөреге балаларға, жасөспірімдерге арналған әдебиеттер, әйгілі жазушылардың поэмалары, шығармалары қойылады. Кітапханашылар көңілді ойындар, танымдық викториналар өткізеді. Кітаптағы кейіпкерлердің суреттерін салады. Сөзжұмбақтарды шешу үшін көрмедегі кітаптарды парактап, дұрыс жауабын іздейді. Сондай-ақ, бұл жерде оқырмандардың қаламгерлермен кездесіп, жаңадан жарыққа

шыққан кітабын қолтаңбасымен алуға мүмкіндігі мол. Жобаның өміршеңдігін білдіретін тағы бір тәсіл – осы жерде кітапханаға тұрақты оқырман ретінде жазылуға болады. Егер бұл жазғаныма сенбесеңіздер, барып көріңіздер.

КІТАПХАНАДАҒЫ ТЕАТР

«Біздерде мынадай бар, мынадай бар» дегендей, елордада Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында кішкентай бүлдіршіндерге арналған «Еркетай» қуыршақ театры барын бәріміз біле бермейміз. Бір қызығы, қуыршақ театрының әртістері – сол кітапхана қызметкерлері мен оқырмандары екен! Егер қызықты кітап іздеумен қатар қуыршақ театрының қойылымын тамашалағыңыз келсе, «Еркетайға» барыңыз. Қазір елордада үш кітапханаға жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол – №3, №4 балалар кітапханасы және көзі көрмейтін, нашар көретін жандарға арналған кітапхана. Кітаптарды дәл бір түрдегідей жабық ұстауға болмайды, олар кітапханадан зердеге сөзсіз көшіп отыруы тиіс депті бір данышпан. Сол айтқандай, жаздың жай-машуақ күндерін кітап оқумен өткізейік, халайық.



соны көрсетуге ата-аналарын ертіп әкелетін балалар да бар. Өзінің артынан ерген інісі мен сіндісін кітапханаға ертіп келетін бозбала, бойжеткендер де кездеседі. Негізінен алғанда, балалар кітапқа көп қызығады. Соны үлкендер дер кезінде байқап, қолынан келгенше көмектесе, жетіп жатыр» деді ол.

Ресми дерек бойынша, әлгі 760 000 кітапты оқитын 87 000 оқырман бар. Халқының саны 1,5 млн-ға жуықтаған қалаға 87 мың оқырман деген әрине, аздау. Бұл – кітапханашылардың кінәсі емес. Олар күн сайын қос білегін сыбанып алып, оқырманға кітап оқуды насихаттап-ақ

пайдаланушылар саны 6 млрд адамға жетті. Мобильді телефон бірінші «экранымызға» айналған заманда жұртты кітап оқуға қызықтыру оңай шаруа емес. Бұл жерде кітапханалар әлеуметтік желілердің мүмкіндігін осыған пайдалануы тиіс. Қазір олар жаңа кітаптар қорға қосылған күні кітапхананың әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы оқырманды тез құлақтандырады. Тіпті, WhatsApp арқылы оқырманның қалауы бойынша жаңа кітаптың мұқабасын, алғашқы беттерін суретке түсіріп жібере қояды екен.

ӘРБІР КІТАПХАНА – МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚ

– Қалалық көпшілік кітапханалар – өз шағын ауданының мәдени-ағартушылық мекемелер. Көпшілік және балалар кітапханалары халықтың ең қалың ортасына кітаппен қызмет көрсетуге, ғылыми-танымдық және көркем әдебиетті насихаттауға, өскелең

